**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің 2021-2022 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспарын орындау бойынша «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК 2021 жылғы есебі**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің (бұдан әрі – Комитет) 2021-2022 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспарын орындау бойынша «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК (бұдан әрі – Орталық) 2021 жылғы қорытындысы есебін ұсынамыз.

**1-тармақ.** Орталық 2021 жылдың нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері бойынша анықтама Комитетке 2021 жылғы 26 қарашада жіберілді. Орталықтың интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері жарияланды.

**3-тармақ.** Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін Орталық директорының 2021 жылғы 22 қарашадағы № 70 н/қ бұйрығымен жұмыс тобы құрылды. 2021 жылғы қорытындысы бойынша комиссиямен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша анықтама Комитетке 2021 жылғы 26 қарашада жіберілді.

**4-тармақ.** Орталықтың интернет-ресурсында 2021 жылғы қорытындысы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат жарияланды.

**7-тармақ.**

Орталықта 2021-2022 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, директормен бекітілді.

**8-тармақ.**

Орталықтың интернет-ресурсында 2021-2022 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары орналастырылған. 2021 жылғы есеп Орталықтың сайтында орналастырылатын болады.

**11-тармақ.**

Комитет бекіткен 2021-2022 жылдарға арналған мақалаларды жариялау кестесіне сәйкес, дене шынықтыру және спорт саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыт туралы "Спорт саласындағы сыбайлас жемқорлық туралы" мақала 2021 жылғы 18 қарашадағы №47(5246) "Қазақ спорты" газетінде жарияланды.

**12-тармақ.**

Орталықпен Қазақстан Республикасы сурдо дзюдодан ұлттық құрама сапындағы балуандарының, Сурдлимпиада ойындарының жеңімпаздарының қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әлеуметтік бейнеролик түсірілді. Бейнеролик ұйымның ресми интернет-ресурсында жарияланды.

**13-тармақ.** 2021 жылғы 20 сәуірде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Мәдениет және спорт министрлігі – Адалдық алаңы" сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жобалық кеңсесі Орталық қызметкерлерінің қатысуымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес ұйымдастырды.

**14-тармақ.**

Орталықтың интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызмет туралы арнайы бөлім жұмыс істейді. Ұйым қызметінің ашықтығы мақсатында Орталықтың сайтында "Бюджет" бөлімі бар.

**15-тармақ.**

Орталықтың веб-сайтына контентті орналастыруға жауапты қызметкер тұрақты негізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының және «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпаратпен толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 2 сәуірдегі №114Н/Қ бұйрығының талаптарына сәйкестігіне ресми интернет-ресурс контентінің мониторингін жүргізеді.

**17-тармақ.**

Орталықтасыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары әзірленіп және бекітілген, олар Орталық қызметкерлерімен тұрақты негізде сақталуда.

**20-тармақ.**

Орталықта басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымға үміткер тұлғаларды бақылау жүзеге асырылды. Осылайша, 2021 жылы жұмысқа келіп түскен, спорт бөлімінің басшысы, аға жаттықтырушылар сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің жоқтығы туралы анықтамалар ұсынды.

**21-тармақ.**

2021 жылы жүргізілген мониторингке сәйкес, Орталықтың алғаш қабылданған қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар бойынша сотталығы жоқ, сондай-ақ, мамандар біліктілік талаптарына сай келеді (спорт бөлімінің басшысы, мемлекеттік сатып алу менеджері, қоғаммен байланыс жөніндегі инспектор, әдіскер, аға жаттықтырушылар).

**26-тармақ.**

2021 жылы мүдделер қақтығысы болған жоқ.

**27-тармақ.**

2021 жылы мүдделер қақтығысы болған жоқ.

**28-тармақ.**

2021 жылы Орталыққа жеке және заңды тұлғалардан 39 өтініш келіп түсті. Олар «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңға сәйкес қаралды.

**34-тармақ.**

Орталық әр айдың 5-не дейін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру саласындағы бұзушылықтар бойынша камералдық бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органнан келіп түскен хабарламалар туралы ақпаратты Қазақстан

Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне жолдайды. 2021 жылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру саласындағы бұзушылықтар бойынша камералдық бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органнан хабарламалар түскен жоқ.

**35-тармақ.**

Орталықтың интернет-ресурсында "Мемлекеттік сатып алу" арнайы бөлімі жұмыс істейді.

**36-тармақ.**

Орталықтың интернет-ресурсында 2021 жылға арналған Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары орналастырылған. Қазіргі уақытта 2022 жылға арналған Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бекітілуде, ол сайтта 2022 жылдың қаңтарында орналастырылатын болады.

**Директор** **М. Қасқырбаев**